

БЕКІТІЛДІ
«Виктория» СК» АҚ
Директорлар кеңесі
2024 жылдың «28» ақпандағы

№ 07 Хаттама

«ВИКТОРИЯ» СК» АҚ
ҒАРЫШ ОБЪЕКТІЛЕРІ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕСІ

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ	5
3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ	6
4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ	6
5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ.....	7
6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ	8
7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ	10
8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ	11
9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	12
10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ	14
11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ	15
12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ.....	16
13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ.....	18
14. САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	20
15. ҚОСЫМША ШАРТТАР	20

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл Ғарыш объектілері иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру ережесі (бұдан әрі – «Ереже») Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126-ІІ «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және құқықтық қатынастарды реттейді, сондай-ақ оны жүргізудің экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

1.2. Ғарыш объектілері иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру – залалды өтеуге міндетті тұлға ғарыш объектісін пайдалануға байланысты келтірген залалдың ішінара немесе толық өтеу мөлшерінде үшінші тұлғаларға сақтандыру төлемдерін төлеуді қарастыратын сақтандыру түрлерінің жиынтығын білдіреді.

1.3. «Виктория» Сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандырушы) осы Ереженің шарттарымен, заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан) немесе қабілетті жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтанушы) Ғарыш объекті иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандыру шарты) жасау арқылы ғарыш объекті иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыруды жүзеге асырады. Сақтандыру шарттары жазбаша немесе электронды түрде жасалады.

1.4. Осы Ережеге сәйкес жасалған сақтандыру шарты бойынша ғарыш қызметін жүзеге асыру нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне, сондай-ақ қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін ғарыш объектілері иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған.

1.5. Сақтанушы Сақтандыру шартында сақтандырылушы ретінде басқа да үшінші тұлғаларды белгілеуге құқылы.

1.6. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу және Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігі бойынша міндеттерін қоспағанда, Сақтанушының міндеттері Сақтандырылушыға да қолданылады.

1.7. Егер Сақтандыру шарты жеке тұлғамен жасалған болса, онда Сақтанушы Сақтандыру шартында көрсеткен және ғарыш объектісін заңды негізде пайдаланатын тұлғаның, сондай-ақ сақтанушының өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған болып саналады.

1.8. Сақтанушының нақты қажеттіліктеріне қарай, Сақтандыру шартында осы Ереженің шарттарына сай келмейтін басқа шарттар белгіленуі де мүмкін. Сақтандыру шартының талаптары Ереженің шарттарына сәйкес келмеген кезде Сақтандыру шартының талаптары қолданылады.

1.9. Осы Ережеде қолданылатын негізгі түсініктер:

- 1) Сақтандыру ережелері – сақтандыру ұйымының сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша сақтандыруды жүзеге асыру шарттарын айқындайтын құжат;
- 2) Сақтандыру шарты – Сақтандыру ережесімен белгіленетін шарттармен Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасалған Шарт, сол Шартқа сәйкес Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді;
- 3) азаматтық-құқықтық жауапкершілік – азаматтық заңнамамен белгіленген ғарыш объекті иесінің немесе пайдаланушының ғарыш объектісін пайдаланудың нәтижесінде жәбірленушілердің өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне келген зиянды өтеу міндеті;
- 4) ғарыш қызметі – ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану бойынша жұмыс жүргізумен тікелей байланысты, оған зымыран-ғарыш техникасын, ғарыш материалдарын және ғарыш технологияларын жобалауды, жасауды (оның ішінде жинау, тестілеу, ұшыру алдындағы дайындық және ұшыру), пайдалануды (эксплуатациялауды) және ғарыш қызметіне байланысты басқа қызметтерді көрсетуді қоса, қызмет, сондай-ақ ғарыш қызметінің нәтижелерін пайдалану;
- 5) ғарыш объектісі – ғарыш кеңістігіне ұшыруға арналған және/немесе ұшырылатын және/немесе ғарыш кеңістігінде пайдаланылатын кез-келген жасанды объект (оның құрамдас бөлшектерін және жеткізу құралдарын қоса);

- 6) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын дәлірек айтқанда сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе соның пайдасына Сақтандыру шарты жасалған басқа тұлғаға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сома (сақтандыру сомасы) көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндетті тұлға. Сақтандырушы – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығы туралы лицензиясы бар заңды тұлға болуы тиіс;
- 7) Сақтанушы – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасаған тұлға;
- 8) Сақтандырылушы –соған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;
- 9) үшінші тұлға (Пайда алушы) – Сақтанушыға кінәрат қоюға құқығы бар және Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын жеке немесе заңды тұлға. Сақтанушының өзі, оның жұмыскерлері, сондай-ақ Сақтанушының атынан әрекет жасайтын жеке және заңды тұлғалар үшінші тұлғаларға жатпайды;
- 10) Сақтанушының өтініші – Сақтанушының сақтандыру объектісі сипатталған және тәуекел сипаты баяндалған, басқа шарттармен қатар, ғарыш объектісінің орналасқан жері, құны, күй-жайы, сақтау немесе пайдалану тәртібі, техникалық дайындығы, сондай-ақ сапалық сипаттамалары туралы мәліметтер қамтылған жазбаша рәсімделген құжаты;
- 11) сақтандыру сомасы – сақтандыру объекті сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 12) франшиза – сақтандыру шартымен қарастырылған Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден азат ету жағдайы. Франшиза шартты (азайтылмайтын) және шартсыз (азайтылатын) болып келеді. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден азат етіледі, бірақ залалды толығымен өтеуі тиіс, егер оның мөлшері ол сомадан көп болса. Шартсыз франшиза кезінде залал белгіленген соманы шегере отырып, барлық жағдайда өтеледі;
- 13) сақтандыру сыйлықақысы – Сақтандырушы сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру сомасын төлеу міндеттемесін өзіне алғаны үшін Сақтанушы төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 14) оқиға – Сақтанушы (Пайда алушы) ғарыш қызметін жүзеге асыру барысында немесе салдарынан туындаған оқиға (авария немесе апат немесе солардың салдары);
- 15) сақтандыру жағдайы – сол оқиғаның басталуынан Сақтандыру шарты сақтандыру төлемін төлеуді қарастыратын оқиға;
- 16) сақтандыру төлемі – Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің көлемінде Сақтанушыға (Пайда алушыға) төлейтін ақша сомасы;
- 17) Авария (Ведомствоаралық, Мемлекеттік) комиссия – жұмыс мақсаты орын алған оқиғаны зерттеу болып табылатын техникалық комиссия;
- 18) үшінші тұлғаға зиян келтіру – Сақтанушының (Пайда алушының) ғарыш объектісі кенеттен және әдейі жасалмаған, оның ішінде ластайтын заттарды атмосфераға шығарумен, жер бетін және/немесе суларды ластаумен ілесетін аварияның себебінен Сақтанушы немесе Сақтандырылушы болып табылмайтын тұлғаның өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келтіру;
- 19) үшінші тұлғаның денсаулығына зиян келтіру – Сақтанушы немесе Сақтандырылушы болып саналмайтын жеке тұлғаның анатомиялық бүтіндігін және/немесе органдары мен ағзасындағы тіндерінің жұмыс атқаруының бұзылуы;
- 20) үшінші тұлғаның өміріне зиян келтіру – Сақтанушы немесе Сақтандырылушы болып саналмайтын жеке тұлғаның өлімі;
- 21) үшінші тұлғаның мүлкіне зиян келтіру – заңды негізде үшінші тұлғаларға тиесілі, Сақтанушыға немесе Сақтандырылушыға тиесілі емес, мүліктің бүлінуі немесе жойылуы;
- 22) мүліктің жойылуы – мүліктің кешенді техникалық іс-шараларды (жөндеу, рекультивация, дезактивация, дезинфекция, дегазация және т.б.) орындау арқылы ғана қалпына келтіруге болатын өз қасиеттерін жоғалтуы, мүліктің өз қасиеттерін жоғалтқан күннен алдыңғы күні есептелген мүліктің құнынан асатын мөлшерде төлеу бойынша шығындар немесе мүліктің қандай да бір тәсілмен қалпына келтірілу мүмкін өз қасиеттерін жоғалтуы;

23) мүліктің бүлінуі – мүліктің кешенді техникалық іс-шараларды (жөндеу, ветеринарлық көмек көрсету, рекультивация, дезактивация, дезинфекция, дегазация және т.б.) орындау арқылы ғана қалпына келтіруге болатын өз қасиеттерін жоғалтуы, мүліктің өз қасиеттерін жоғалтқан күннен алдыңғы күні есептелген мүліктің құнынан асатын мөлшерде төлеу бойынша шығындар;

24) қоршаған орта – жер, жер қойнауы, жер қыртысы, жер үстіндегі және жерасты сулар, сондай-ақ Жердегі өсімдіктер мен жануарлар әлемі;

25) ластау – қоршаған ортаға мөлшері және/немесе шоғырлануы белгіленген нормативтерден асып түсетін заттар, заттардың қосындысы, материалдар;

26) жауапкершілік лимиті – сақтандыру төлемінің Сақтандырушы белгілейтін максималды және залалдар мен шығындардың белгілі бір түрі үшін және/немесе белгілі бір оқиға (мысалы, бір сақтандыру жағдайы) басталған кезде және/немесе белгілі бір уақыт кезеңінде немесе сақтандырудың бүкіл мерзімі ішінде төлемдердің шектелетін мөлшері;

27) тәуелсіз сарапшы – (интеллектуалдық меншік объектілерін, материалдық емес активтерді қоспағанда) мүлікті бағалау бойынша бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бойынша уәкілетті мемлекеттік органдар белгілеген тәртіпке сәйкес сол орган тіркеуге алған жеке немесе заңды тұлға;

28) екі жақты (көп дақты) сақтандыру – бір объектіні әр Сақтандырушымен дербес Шарттар бойынша бірнеше Сақтандырушыда сақтандыру.

1.10. Егер сақтандыру шартында Шарт кімнің пайдасына жасалғаны айтылмаған болса, ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде туындаған үшінші тұлғаға зиян келтіргені үшін Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру кезінде Сақтандыру шарты зиян келуі мүмкін тұлғалардың (Пайда алушының) пайдасына жасалған болып саналады. Сақтанушының жұмыскерлері, сондай-ақ еңбек шартының немесе азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттың негізінде еңбек (қызметтік, лауазымдық) міндеттерін атқарып жатқан және олар аталған міндеттерін орындау кезінде соларға зиян келген мердігерлер мен субмердігерлер үшінші тұлғалардың қатарына кірмейді.

1.11. Сақтанушының кез-келген құқыққа қайшы мүдделері сақтандыруға жатпайды.

1.12. Сақтандыру шартындағы (сақтандыру полисіндегі) Сақтанушының немесе оның өкілінің қолы – оның осы Ережемен толығымен келіскенін растайды.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

2.1. Сақтанушының ғарыш объектісін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жәбірленуші деп танылған үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне, қоршаған ортаға келтірген зиянды өтеу туралы белгіленген міндетіне байланысты мүліктік мүддесі – сақтандыру нысаны болып табылады.

2.2. Үшінші тұлғаларға зиян келтірген кезде сақтандыру қорғанысы үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне Сақтандыру шартында көрсетілген тікелей ғарыш объектісінен (соның сынықтарынан немесе бөлшектерінен) немесе ғарыш объектісінен түскен заттан зиян келген жағдайда қолданылады.

2.3. Қоршаған ортаға мөлшері және/немесе шоғырлануы белгіленген нормативтерден асып түсетін заттар, заттардың қосындысы, материалдардың түсуі нәтижесінде зиян келтірген жағдайда жерге, жер қойнауына, жер қыртысына, жер үстіндегі және жер асты суларға, сондай-ақ Жердегі өсімдіктер мен жануарлар әлеміне сақтандырумен зиян өтеледі.

2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, жәбірленуші деп танылған үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне, қоршаған ортаға Сақтандыру шартында айтылған сақтандыру жағдайының нәтижесінде келген және Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде анықталған зиянды өтеу міндетіне байланысты Сақтанушының мүліктік мүдделерін сақтандыру – ғарыш объектілері иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандырудың мәні болып табылады.

2.5. Сақтандыру шартында екі немесе одан көп ғарыш объектілерін пайдалану кезінде Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру да қарастырылуы мүмкін.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

3.1. Үшінші тұлғаларға, қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру кезінде сақтандыру сомасының мөлшері әр нақты Сақтандыру шартында ұшырылатын ғарыш объектілерінің дербес сипаттамаларын, ғарыш кеңістігінде ұшу сынамаларының бағдарламаларын, объектілердің пайдалану бағдарламаларын және үшінші тұлғалардың ықтимал мүліктік талаптарын, ескере отырып белгіленеді. Сақтандыру сомасы – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін (лимитін) білдіреді.

3.2. Егер сақтандыру шартында басқалай көрсетілмеген болса, Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасы сақтандыру қолданылған кезеңде орын алған сақтандыру жағдайларының бүкіл жиынтығына қатысты белгіленген болып саналады. Сақтандыру төлемін төлеген жағдайда жалпы сақтандыру сомасы төленген төлемнің шамасына азайтылады.

3.3. Сақтандыру сомасы сақтандыру қолданылған кезеңде басталуы мүмкін әрбір нақты сақтандыру жағдайына қатысты белгіленеді. Мұндай жағдайда сақтандыру төлемін төлеген кезде жауапкершіліктің тиісті лимиті тиісті сақтандыру тәуекелі үшін сақтандыру төлемінің шамасына азаяды.

3.4. Сақтанушы Сақтандыру шартын жасағанға дейін сақтандыру тәуекелін бағалау құқығын пайдаланбаған Сақтандырушыны сақтандыру сомасына қатысты қасақана жаңылдырған жағдайларды қоспағанда, Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасымен кейіннен дауласуға болмайды.

3.5. Жауапкершілік лимиттері Сақтандыру шартында белгіленеді. Бір оқиғаның нәтижесінде бір сақтандыру жағдайы немесе бірнеше сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемдері Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс.

3.6. Сақтандыру шартында төменде көрсетілгендерге зиян келтіргені үшін жекелеген жауапкершілік лимиттерін белгілеу де қарастырылуы мүмкін:

- 1) жәбірленушілердің әрбірінің немесе бірнешеуінің, немесе сақтандыру кезеңінде бір және/немесе бірнеше сақтандыру жағдайы бойынша барлық тұлғаларды бірге алғанда – өміріне, денсаулығына;
- 2) әрбірінің немесе бірнешеуінің, немесе сақтандыру кезеңінде бір және/немесе бірнеше сақтандыру жағдайы бойынша барлық тұлғаларды бірге алғанда мүлікке зиян келтіру;
- 3) қоршаған ортаға зиян келтіру.

3.7. Сақтандыру шартында франшиза белгіленеді, оның түрі мен мөлшері Сақтандыру шартында көрсетіледі.

4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

4.1. Сақтандыру шарты бойынша төлеу тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру тәуекелінің дәрежесі мен сипаттамасын ескере отырып, сақтандыру сомасынан ұсталатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі. Сақтандыру сыйлықақылары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен төленеді.

4.2. Сақтандырушы төленуі тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін анықтау кезінде тәуекел факторларына: ғарыш объектісі шығарылған жыл, қызмет кезеңдері, пайдалану мақсаты, ресурс, қозғалтқыштардың атқарылған жұмыс көлемі, пайдалану интенсивтілігі, персоналдың біліктілігі, пайдалану аумағы және т.с.с. қарай айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне шаққандағы арттырылатын және төмендетілетін коэффициенттер пайдаланылады.

4.3. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын біржолғы төлеммен немесе мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде бөліп, қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз, Сақтандыру шартында айтылған тәртіпте төлейді.

4.4. Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеген күн болып саналады:

- 1) қолма-қол ақшамен төлеген жағдайда – Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) Сақтандырушының кассасына төлеген күн;
- 2) қолма-қол ақшасыз төлем жасаған кезде – сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) Сақтандырушының банктік шотына түскен күн.

4.5. Сақтанушы Сақтандыру шартын 12 айдан аз мерзімге жасауға құқылы. Сақтандыру шартын он екі айдан аз мерзімге жасаған кезде сақтандыру сыйлықақыларының келесідей мөлшерлері белгіленеді:

Сақтандыру мерзімі	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері жылдық сақтандыру сыйлықақысының %%-мен
1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам мерзімге	100,0

4.6. Сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген кезде, кезекті сақтандыру жарнасын толық көлемде және Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда, Сақтандырушы Сақтандыру шартын (біржақты соттан тыс тәртіпте) орындаудан толығымен бас тартуға құқылы. Мұндай жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға 15 (Он бес) күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабарлама жібереді. Сақтандырушының хабарламасын Сақтанушы қай күні алғанына қарамай, Сақтандыру шарты Сақтандырушы хабарламада көрсеткен сәттен бастап бұзылған болып саналады. Бұл орайда Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан күн хабарламаны жіберген күннен бұрын болмауы тиіс.

4.7. Егер сақтандыру жағдайы сақтандыру жарнасы кешіктіріп, сақтандыру жарнасын төлегенге дейін (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда) басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін белгілеу кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының сомасын шегеріп қалуға құқылы.

5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

5.1. Сақтанушының төмендегілерді өтеу бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу факті – сақтандыру жағдайы деп танылады:

- 1) үшінші тұлғалардың өміріне/денсаулығына және мүлкіне тікелей ғарыш объекті келтірген зиян;
- 2) қоршаған ортаға тікелей ғарыш объекті келтірген зиян.

5.2. Сақтанушы (Сақтандырылушы) ғарыш қызметін жүзеге асыру барысында үшінші тұлғаларға, қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін жауапкершіліктің туындау тәуекелі - осы Ереже бойынша сақтандыру тәуекелі болып табылады.

5.3. Ғарыш қызметін жүзеге асырудың нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне, қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін, қоршаған ортаны ластағаны үшін

Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу факті заңды күшіне енген сот шешімімен белгіленеді.

5.4. Төменде көрсетілген жағдайларда оқиға сақтандыру жағдайы деп танылады:

- 1) орын алған оқиға осы Ережеде және Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыруға жататын оқиға болып саналады;
- 2) оқиға Сақтандыру шартының қолданысы кезеңінде орын алған;
- 3) үшінші тұлғаларға зиян/залал ғарыш қызметін жүзеге асырудың нәтижесінде сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру аумағында келтірілген;
- 4) зиян/залал келтіру факті мен Сақтанушы (Сақтандырылушы ғарыш қызметін жүзеге асыру шеңберінде жол берген әрекеттердің (әрекетсіздіктің) арасында құжаттармен расталған себеп-салдар байланысының болуы.

5.5. Үшінші тұлғаларға Сақтандыру шартының талаптары бойынша өтелетін зиян (залал) келтірілген уақыт Сақтандыру жағдайының басталу сәті болып табылады. Егер зиян (залал) келтірілген уақытты анықтау мүмкін болмаса, онда келген зиянды (залалды) анықтаған сәт – зиян (залал) келген сәт болып саналады. Егер зиян (залал) келу ұзақ уақытқа созылған болса, онда зиян (залал) келудің алғышқы көрінісі – зиян (залал) келген сәт болып саналады.

5.6. Бір себеп бойынша бірнеше Пайда алушыға зиян келтіру – бір сақтандыру жағдайы болып қарастырылады. Әрі сипаттамасы бойынша, әрі басталу уақыты бойынша (жағдаятты анықтау уақытына қарамастан) бірдей жағдаят – себеп болып түсініледі. Мұндай сақтандыру жағдайының басталу сәті деп Сақтанушының (Сақтандырылушының) барлық Пайда алушылардың арасынан ең бірінші Пайда алушының мүліктік мүддесіне келген зиянды өтеу міндетінің басталу сәті саналады.

5.7. Егер оқиғаның ықтималдық және кездейсоқтық белгілері болса, онда ол оқиға сақтандыру жағдайы болып танылады.

5.8. Егер Сақтандыру шартында екі немесе бірнеше ғарыш объекті бойынша сақтандыру қарастырылған болса, онда бұл Ереженің шарттары әрбір ғарыш объектісіне жеке-жеке қолданылады.

5.9. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ өзіне залал келгенін дәлелдеу міндеті Сақтанушыға жүктеледі.

6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

6.1. Осы Ереженің шарттары бойынша төменде көрсетілген жағдайлардың нәтижесінде басталған оқиғалар сақтандыру жағдайы болып саналмайды және сақтандыру төлемдерін төлеуге алып келмейді:

- 1) Сақтанушының (Пайда алушының) оның жұмыскерлерінің немесе өкілдерінің ғарыш объектілерін пайдалануды қауіпсіз жүзеге асыру бойынша белгіленген қағидаларды, талаптарды, нұсқауларды (өсиеттерді), сондай-ақ ғарыш объектілерін қауіпсіз пайдалануға, ғарыш объектісін, ғарыш қызметін ұйымдастырды басқаруға қатысты құзырлы органдардың лауазымды тұлғалары қойған талаптарды орындамауы;
- 2) ғарыш объектісін заңнамамен тыйым салынған мақсаттарда пайдалану немесе Сақтандырушыға өткізілген құжаттарда көрсетілген мақсаттарға сай пайдаланбау;
- 3) ғарыш объектісінің Сақтандырушыға өткізілген құжаттамада айтылған есептік шектерден тыс болуы (форс-мажор жағдайларын қоспағанда);
- 4) ғарыш объектісін Сақтандыру шартында көрсетілмеген жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның пайдалануы, немесе оны басқаруға құқығы жоқ тұлғаның басқаруы;
- 5) аталған ғарыш объектісіне арналған талаптарға сай келмейтін алаңды ұшу немесе қону үшін пайдалану, егер ондай пайдалану форс-мажор жағдайына байланысты болмаған болса;
- 6) зақымданған ғарыш объектісін сақтандыру жағдайының орын алуы нәтижесінде тасымалдауды және ғарыш объектісін ғарыш айлағының аумағында штатты құрылғылармен тіркеп сүйреуді қоспағанда, ғарыш объектісін кез-келген көлік түрімен тасымалдау;
- 7) ғарыш объектісін бұзық күй-жайда пайдалану, егер сондай күй-жайда ұшуға құзырлы органдар және объектіні пайдалану бойынша басшылық тарапынан рұқсат берілмеген болса.

Егер солай пайдалану жүзеге асырылса, онда алдымен Сақтандырушымен жазбаша түрде келісілген болуы тиіс. Бұл ретте, Сақтандырушы қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы;

8) ғарыш объектісін техникалық қызмет көрсету талаптарынан, пайдалану ережелерінен ауытқып пайдаланса немесе Сақтанушыда мемлекеттік және ведомстволық басқару органдары талап ететін жарамды «ғарыш объектісін тіркеу туралы куәлігі» және басқа нормативтік құжаттары болмай, ғарыш объектісін пайдаланса;

9) салмағы және жүктеме өлшемдері бойынша ғарыш объектісін жүктеудің шекті нормаларынан асырып, сондай ақ орталықтауды бұзып пайдаланса.

6.2. Егер сақтандыру жағдайы төменде көрсетілген жағдаяттардың салдарынан орын алса, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы:

1) қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік күй-жайда жасалған іс-қимылдарды қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайын туындатуға немесе сақтандыру жағдайының туындауына әкеп соқтыратын қасақана әрекеттері;

2) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілермен белгіленген тәртіпте қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылатын, сақтандыру жағдайымен себепті байланысы бар іс-әрекеттері.

6.3. Сақтанушының (Сақтандырылушының) төменде көрсетілгендерді өтеу міндетінің туындауы сақтандыру тәуекеліне жатпайды және сақтандыру жағдайы деп танылмайды:

1) ғарыш объектісінің жер атмосферасының озон қабатына әсер етуінен келген зиян (залал);

2) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) қатысты үлестес тұлға болып табылатын үшінші тұлғадан келген зиян (залал);

3) террорлық іс-әрекеттер немесе актілер салдарынан үшінші тұлғалардан келген зия (залал);

4) Сақтанушының (Сақтандырылушының) төлеу қабілетсіздігінің немесе дәрменсіздігінің салдарынан келген зиян (залал);

5) ғарыш қызметін жүзеге асыруға байланысты емес үшінші тұлғалардан келген зиян (залал);

6) жеке және заңды тұлғалардың кез-келген жанама түрдегі залалдары (оның ішінде пайдадан айырылу немесе толық алмау (жіберіп алған олжа), акция котировкаларының төмендеуі, іскери беделіне залал, моральдық зиян, қолданыстағы немесе ықтимал әділетсіз бәсекелестік фактілерінен келген залалдар, патенттік немесе авторлық құқықтың қолданыстағы немесе ықтимал бұзылулары, айыппұлдар, өсімақылар, тұрақсыздық төлемдер немесе ақшалай нысандағы басқа да айыппұл шаралары және т.с.с.);

7) Сақтанушы (Сақтандырылушы) жалға алған, жалдаған, прокатқа алған, лизингіге немесе кепілге алған, немесе келісімшарт бойынша сақтауға қабылдаған мүлікке келген зиян/залалдар;

8) Сақтанушының (Сақтандырылушының), мердігердің (субмердігердің) немесе Сақтанушы (Сақтандырылушы) ғарыш қызметін атқару кезеңдерінде жұмыс атқарып жатқан сақтандыру аумағында жұмыс жасап жатқан басқа тұлғаның, сондай-ақ жоғарыда аталған тұлғалармен еңбек қатынастары жоқ, бірақ сақтандыру аумағында сол тұлғалар үшін, солардың нұсқауларымен және солардың бақылауында жұмыс жасап жатқан жеке тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне келген зиян (залал).

6.4. Төменде көрсетілген оқиғалардың нәтижесінде кез-келген түрде зиян келтіргені үшін Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандыру жағдайы болып табылмайды:

1) радиоактивтік, улағыш, жарылғыш немесе қауіпті қасиеттері бар кез-келген жарылғыш ядролық қондырғыдан немесе оның ядролық құрамдас бөлігінен келген залалдар;

2) иондаушы радиациядан, немесе кез-келген басқа радиоактивті көзден радиоактивті зақымданудан, немесе улағыш, жарылғыш қасиеттерінен, немесе сондай радиоактивті көздің басқа да қауіпті қасиеттерінен келген залал;

3) ядролық жарылыстың әсерінен келген залал;

4) қажет көрсеткіштерді және/немесе ақпаратты лайықты түрде танитын компьютерлік және бағдарламалық қамтаманың немесе басқа ақпараттық технологиялық жабдықтың немесе жүйенің (Сақтанушының немесе кез-келген басқа тұлғаның меншігіндегі) қабілетсіздігінен келген залал;

5) меншігіндегі кез-келген аппараттық немесе бағдарламалық қамтаманың, немесе басқа ақпараттық технологиялық жабдықтың немесе жүйенің кез-келген өзгеруінен немесе жаңартылуынан келген залалдар;

6) Егер Сақтандыру шартында басқа шарттар көзделмеген болса, Ережеде көзделген Сақтандыру шартынан әскери тәуекелдерді, ұрлап айдап әкету немесе басқа қауіп-қатерді алып тастау туралы.

6.5. Сақтандыру қорғанысы Сақтанушының төменде көрсетілгендер туралы қойған талаптарына қолданылмайды:

1) Сақтанушының жұмыскерлері еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде олардың өміріне, денсаулығына келген зиянды өтеу туралы;

2) қызмет көрсететін немесе басқа персоналдың өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне келген зиянды өтеу туралы;

3) сақтандыру қорғанысы басталғанға дейін келген зиянды өтеу туралы;

4) оның серіктес, акционер, басшы мәртебесінен туындаған талаптар.

6.6. Сақтанушының ғарыш объектісін ұшыру мерзімдерін бұзуға байланысты жауапкершілігі сақтандырумен өтелмейді.

6.7. Сақтандырушының Сақтандыру ережелерінде көзделген себептер бойынша Сақтанушыға сақтандыру төлемін төлеуден азат ету бір мезгілде Сақтандырушыны Пайда алушыға сақтандыру төлемін төлеуден де азат етеді.

6.8. Егер сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмесе, Сақтандыру шартының талаптарында сақтандыру төлемін төлеуден бас тартудың басқа да себептері көрсетілуі мүмкін.

6.9. Дауды сақтандыру омбудсманы реттеген жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылушы) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын басқа тұлға) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте және шарттармен сотта Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жөнінде дауласуы мүмкін.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ

7.1. Егер Сақтандыру шартында басқаша көзделмеген болса, Сақтандыру шарты он екі ай мерзімге жасалады және сақтандыру сыйлықақысы (немесе оның алғашқы бөлігі) Сақтандырушының шотына келіп түскен немесе қолма-қол ақшамен кассасына төленген күннің ертесі күнгі сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді. Тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру шарты он екі айдан аз мерзімге жасалуы да мүмкін.

7.2. Сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін төлеген кезде Сақтандыру шарты өз қолданысын тоқтатпайды, ал сақтандыру қорғанысы сақтандыру шартының қолданыс мерзімінің аяғына дейін Сақтандыру шартымен қарастырылған сақтандыру сомасы мен франшиза туралы шартты қолдануды ескере отырып төленген сақтандыру төлемінің мөлшері арасындағы айырмашылыққа тең сақтандыру сомасының мөлшерінде өз күшін сақтайды.

7.3. Сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген кезде кезекті сақтандыру жарнасы Сақтандыру шартында белгіленген күні келіп түспеген жағдайда Сақтандыру шарты мен сақтандыру қорғанысының қолданысы сол күннен бастап, сақтандыру жарнасы келіп түскен күнге дейін уақытша тоқтатылады. Сақтандыру жарнасы келісілген күннен кейінгі 10 (Он) жұмыс күні ішінде де келіп түспеген жағдайда Сақтандыру шарты өз күшін тоқтатады.

7.4. Сақтандыру шартында көрсетілген, сақтандыру мерзімі аяқталған сәтте әлі ғарышта болған ғарыш объектісіне қатысты сақтандыру мерзімін сол ғарыш объектісі түсірілгенге (қондырылғанға) дейін ұзарту Сақтандыру шартында қарастырылуы мүмкін.

7.5. Сақтандыру шарты бұрынғыдай шарттармен жаңа мерзімге қайта жасалуы мүмкін. Сақтандыру шартын жаңа мерзімге сақтандыру қорғанысының кезеңін үзбей қайта жасау үшін Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын төлеу мақсатында 10 күнтізбелік күнге жеңілдік кезеңі беріледі. Сақтанушының Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жаңа мерзімге қайта жасау ниеті туралы хабарлау арқылы алдын ала жазбаша жүгінуі және сақтандыру сыйлықақысын немесе алғашқы сақтандыру жарнасын белгіленген мөлшерде, жеңілдік кезеңі аяқталғанға дейін шұғыл төлеуі –

жоғарыда аталған жеңілдік кезең ішінде туындаған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін төлеу шарттары болып табылады.

7.6. Сақтандыру өтемінің аймағы ғарыш объектісін пайдалану аудандарының аумағымен шектеледі. Кез-келген жағдайда сақтандыру өтемінің аумағы Сақтандыру шартында келісіледі.

7.7. Ғарыш объектісін, үшінші тұлғалардың өмірін құтқару мақсатында және ғарыш объектісін одан әрі пайдаланудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, белгіленген бағыттан ауытқу– Сақтандыру шартының талаптарын бұзған болып саналмайды..

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

8.1. Сақтандыру шарты Сақтандырушы белгілеген нысанда, Сақтандыру шартының құрамдас және ажыратылмас бөлігі болып табылатын Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде жасалады. Сақтанушы өтінішті толтыру кезінде қолында бар құжаттарды ұсынуға және сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және сақтандыру жағдайының басталуынан келетін ықтимал залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар, өзіне белгілі болған барлық мән-жайлар туралы, сақтандыруға қабылдап жатқан мүлікке қатысты, оның ішінде объектінің кімге тиесілі екендігі туралы, мүліктің күй-жайына, тауарлық көрінісіне, сақталуына әсер ететін мән-жайлар туралы, оның орналасқан жері және т.б. туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Сақтанушы өзі берген мәліметтердің шынайылығы үшін жауапкершілікте болады.

Сақтандыру шарты Тараптардың келісімі бойынша, Сақтанушы ұсынған құжаттардың негізінде, мүлікті қарап тексерусіз жасалуы мүмкін.

8.2. Сақтандырушы сақтандыруға қабылдап жатқан мүлікті қарап тексереді, ал қажет жағдайда оның шынайы құнын анықтау мақсатында сараптама тағайындайды. Сараптама үшін төлем жасау шарттары Тараптардың келісімі бойынша белгіленеді. Сақтандыру шартын рәсімдегеннен кейін жоғарыда аталған құжаттар Сақтандыру шартының ажыратылмас бөлігі болып саналады.

8.3. Сақтандыру шарты жазбаша немесе электронды түрде жасалады.

8.4. Сақтандыру шартын жасағаннан кейін Сақтанушының тәуекел дәрежесін асыруға әкеп соқтыратын әрекеттер жасауға құқығы жоқ.

8.5. Егер ол өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына едәуір әсер етуі мүмкін болса, Сақтандыру шартының қолданыс кезеңі ішінде Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушыға хабарлаған мән-жайларда орын алған және өзіне белгілі болған маңызды өзгерістер туралы шұғыл түрде Сақтандырушыға хабарлайды.

8.6. Сақтандыру туралы өтініште, Сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) ережелерінде көрсетілген мәліметтер – едәуір өзгерістер деп саналады. Сонымен қатар, Сақтанушы мүлікті жалға, кепілге немесе үшінші тұлғалардың меншігіне бергені туралы, оны бұзғаны, қайта жабдықтағаны, ғимараттар мен құрылыстарды қайта құрғаны туралы, сақтандырылған мүліктің бұзылғаны немесе жойылғаны туралы, ол залал өтеуге жата ма, жатпай ма, оған қарамастан, Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.

8.7. Сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын мән-жайлар туралы хабарлама алған Сақтандырушы Сақтандыру шартының ережелерін өзгертуді немесе тәуекелдің артуына тең мөлшерде қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы. Егер Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандыру шартының ережелерін өзгертуден немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуден бас тартса, Сақтандырушы осы Ереженің талаптарымен көзделген тәртіпте Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

8.8. Сақтанушы (Сақтандырылушы) өзіне белгілі болған, оның ішінде оның еркіне байланысты емес жағдайда орын алып жатқан кез-келген тәуекел дәрежесінің арту туралы Сақтандырушыға шұғыл түрде хабарлауға міндетті.

8.9. Егер тәуекел дәрежесінің артуына әкеп соқтыратын мән-жайлар жойылған кез-келген жағдайда Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

8.10. Егер сақтандыру жағдайы тәуекел артқаннан кейін орын алған болса, Сақтанушы осы Ереженің және Сақтандыру шартының талаптарын бұзған жағдайда Сақтандырушы өз міндеттерін орындаудан азат етіледі.

8.11. Егер сақтандыру шартының талаптарын бұзу Сақтанушының кінәсінен болмаса, Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеу міндеті сақталады. Алайда, Сақтандырушы тәуекелдің артқаны туралы білген жағдайларды қоспағанда, егер хабарлама шұғыл жіберілмеген болса және сақтандыру жағдайы хабарлама Сақтандырушыға келіп түсуі тиіс сәттен бір айдан аспайтын мерзім ішінде басталған болса, Сақтандырушы өз міндеттемелерін орындаудан босатылады.

8.12. Егер Сақтандыру шартын жасағаннан кейін тәуекел дәрежесі Сақтанушының еркіне қарамай артқан болса (тәуекелдің объективті артуы), онда Сақтандырушы Сақтандыру шартын болжалдаған бұзу күнінен 30 күн бұрын Сақтанушыға хабарлап, Сақтандыру шартын бұзуға құқылы.

8.13. Сақтандыру жағдайы басталған кезде, егер Сақтанушының тәуекел дәрежесінің артқаны туралы хабарламасын Сақтандырушы тәуекел дәрежесі артқан сәттен бастап бір айдан астам уақыттан кейін алған болса, Сақтандырушы міндеттемелерін орындаудан азат етіледі.

8.14. Тәуекелдің онша маңызды емес түрдегі артуы, сондай-ақ сақтандырудың құқықтық қатынастары тәуекелдің артуына тиесілі болмаған мән-жайлар назарға алынбайды.

8.15. Егер тәуекел дәрежесінің артқаны туралы хабарлама ол туралы Сақтанушы білгеннен кейін дереу Сақтандырушыға хабарлаған болса, онда тәуекелдің артқаны туралы ондай хабарлама уақытылы хабарланған болып саналады.

8.16. Бұзып кіріп, ұрлаудан және қарақшылық шабуылдан сақтандыру аясында Тәуекел дәрежесінің артуы деп бірінші кезекті сақтандыру орнына кіруге мүмкіндік беретін кілтті немесе қойманың кілтін жоғалтқаннан кейін келісілген қосымша қауіпсіздік қасиеттері бар құлып бағасы тең басқа құлыпқа шұғыл ауыстырылмаған жағдай танылады.

8.17. Тәуекел дәрежесін арттыратын мән-жайлар Сақтанушы қолданатын шаралардың немесе тәуекел дәрежесін кемітетін басқа шаралардың нәтижесінде, әсіресе ол шаралар Сақтандырушымен келісілген болса, жойылады.

8.18. Тәуекел дәрежесі артты ма, артпады ма, оған қарамастан, Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде Сақтандырушы Сақтанушы хабарлаған мәліметтердің, сондай-ақ сақтандырылған мүліктің күй-жайы мен құнының шынайылығын тексеруге құқылы.

8.19. Сақтандыру шартын жоғалтқан кезде Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде оған дубликатын беруге міндетті. Сақтандыру шартының бланкісін дайындау және оның дубликатын рәсімдеу үшін шығындарды Сақтанушы өтейді, бұл орайда өтелетін шығындардың жалпы сомасы өтініш берілген күнгі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген 0,5 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан Сақтандыру ережесін түсіндіруді талап етуге;
- 2) Сақтандыру шартын жоғалтқан кезде оның дубликатын алуға;
- 3) осы Ережеде көзделген жағдайларда және тәртіпте Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге;
- 4) егер Қазақстан Республикасының заңдарымен және сақтандыру шартымен басқалай көзделмеген болса, кез-келген уақытта сақтандыру шартынан бас тартуға.
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және Сақтандыру шартымен көзделген тәртіпте және шарттармен Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 6) Сақтандырушының келісімімен Сақтандыру шартында көрсетілген ғарыш объектісін ұқсас түрдегі (модельдегі), ауыстыратын күйге ұқсастығы бар ғарыш объектісімен ауыстыруға;
- 7) келген зиянның мөлшерін бағалаудың нәтижесімен және тәуелсіз сарапшы әзірлеген және Сақтандырушы төлеуі тиіс сақтандыру төлемі мөлшерінің есептемелерімен танысуға;
- 8) Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуы туралы шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте дауласуға.

9.2. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандыру шартын жасаған кезде Сақтандыру шартына енгізу үшін қажет мәліметтерді Сақтандырушыға беруге;
- 2) сақтандыру сыйлықақыларын Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге;
- 3) өзіне белгілі болған тәуекел дәрежесінің артуына едәуір әсер етуі мүмкін мән-жайлардағы маңызды өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 4) әр ұшыруға ақаулары жоқ, пайдалануға жарамды ғарыш объектісін ұшыруды қамтамасыз етуге, қолданыстағы нормалар мен қағидалар бойынша талап етілетін барлық қажет құжаттаманы жүйелі түрде жүргізіп отыруға және сол құжаттаманы Сақтандырушының талабы бойынша соған беруге;
- 5) заңнамамен белгіленген өрт қауіпсіздігінің, қауіпсіздік техникасының ережелері мен нормаларын, пайдалану қағидаларын, техникалық қызмет көрсетуді және т.б. сақтауға;
- 6) ғарыш объектілері иелерінің жауапкершілігін сақтандыру туралы басқа да қолданыстағы Шарттар жөнінде Сақтандырушыға хабарлауға;
- 7) сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге.

9.3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтандыру шартын жасағанға дейін Сақтандыру шартына қатысатын ғарыш объектілерінің күй-жайын, оларды сақтаудың және пайдаланудың, техникалық қызмет көрсетудің шарттарын тексеруге, ал Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін сақтандыру жағдайы басталған кезде оның зерттеуге қатысуға және Сақтандыру шартының қолданыс кезеңі ішінде оны сүйемелдеуге байланысты басқа жұмыстарды атқаруға;
- 2) Сақтанушы хабарлаған ақпаратты, сондай-ақ Сақтандыру шартының талаптарын оның орындауын тексеруге;
- 3) залалдың себептері мен мөлшерін анықтау мақсатында сақтандыру жағдайының мән-жайларын зерттеуге (қажет жағдайда – мамандарды/сарапшыларды шақыру арқылы);
- 4) Сақтанушының әділетсіз іс-қимылдарының белгілері анықталған (айқындалған) кезде Сақтанушыға «Пайда алушыға) сақтандыру төлемін төлеуді уақытша тоқтату туралы хабарлама жіберіп, уақытша тоқтатқан күннің ертесі күнінен бастап тиісті тексеріс жүргізу туралы көрсетіп, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес сақтандыру төлемін 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейін уақытша тоқтатуға;
- 5) құзыретіне қарай тиісті мемлекеттік органдардан және ұйымдардан сақтандыру жағдайының басталу фактін, жәбірленушіге келген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 6) сақтандыру жағдайы басталған кезде жәбірленушілердің денсаулығына және/немесе мүлкіне келген зиянның мөлшерін бағалау және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау үшін тәуелсіз сарапшының қызметін пайдалануға;
- 7) Сақтандыру шартында және Сақтандыру ережесінде көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара бас тартуға.

9.4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны Сақтандыру ережесімен таныстыруға;
- 2) «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 15-2. Бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші абзацына сәйкес өзінің дербес Интернет-ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың Интернет ресурсын пайдалану кезінде қамтамасыз етуге Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыру кезінде дербес деректерді қорғауды;
- 3) Сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда – оның дубликатын беруге;
- 4) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін Ережеде және Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге;
- 5) Сақтанушыға сақтандыру жағдайы басталған кезде залалдардың алдын алу немесе залалдарды азайту мақсатында келген шығындарды оған өтеп беруге;
- 6) сақтандыру құпиясын сақтауға.

9.5. Пайда алушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) Сақтандыру шартын жасау кезінде және оның қолданыс кезеңінде Сақтандырушыға осы сақтандыру объектіне қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша барлық қолданыстағы/жасалып жатқан Сақтандыру шарттары туралы ақпарат беруге;
- 3) Сақтандырушыға сақтандыру төлемін төлеу туралы талап қоюға;
- 4) Сақтандыру шартымен көзделген тәртіпте және шарттармен сақтандыру төлемін алуға;
- 5) Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуы жөнінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте дауласуға;
- 6) Сақтандыру шартына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа әрекеттерді жасауға.

9.6. Сақтандыру шартында Сақтандырушының, Сақтанушының, Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

10.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:

- 1) қалыптасқан жағдаятта ықтимал залалдардың алдын алу немесе оларды азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды, оның ішінде жәбірленушілерді құтқару және мүлікті сақтау шараларын қолдануға;
- 2) құзыретіне қарай тиісті органдар мен ұйымдарға (өр қауіпсіздігі қызметі органдары, апат қызметі, төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік және т.с.с.) басталған оқиға туралы шұғыл хабарлауға;
- 3) уәкілетті мемлекеттік және басқа құзырлы органдарда оқиғаның құжаттамалық рәсімделуін қамтамасыз етуге;
- 4) болған оқиға туралы шұғыл түрде, бірақ кез-келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, жазбаша түрде Сақтандырушыға хабарлауға;
- 5) жәбірленушілердің мүлкіне немесе оның қалдықтарына түгендеу жүргізу, сондай-ақ орын алған оқиғаның себептерін зерттеу мақсатында Сақтандырушының талабы бойынша Сақтанушының (Пайда алушының) жауапты қызметкерлерінің және/немесе басқа мүдделі тараптардың құрамынан комиссия тағайындауға. Комиссия мүшелерінің мүлікке тексеріс және түгендеу жүргізу күні, уақыты және орны туралы Сақтандырушыға 5 (Бес) жұмыс күні бұрын хабарлауға, сондай-ақ комиссия құрамына Сақтандырушының өкілін қосуға;
- 6) Сақтандырушының өкілі тексергенге дейін жәбірленушілердің мүлкін олар зақымданған/жойылған сәттегі күйінде (егер қауіпсіздік мүдделеріне қайшы келмесе немесе залалдың артуына әкеп соқтырмаса) сақтауға;
- 7) Сақтандырушының өкіліне жәбірленушілердің зақымданған мүлкіне кедергісіз тексеріс жүргізуді, залалдарды азайту және жәбірленушілердің мүлкін құтқару бойынша іс-шараларға қатысуын қамтамасыз етуге;
- 8) Сақтандырушының өкіліне сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайларын анықтауда көмектесуге, оның ішінде Сақтандырушыға өзіне қолжетімді, сақтандыру жағдайының себептері, барысы және салдары, келген залалдың сипаты мен мөлшері туралы барлық құжаттар мен ақпараттарды беруге, оның ішінде Сақтандырушының өкілінің оқиғаны тексеріс жөніндегі комиссияның мәжілістеріне қатысуды қамтамасыз етуге;
- 9) сақтандыру жағдайының нәтижесінде жәбірленуші болып саналмайтын үшінші тұлғалардан келген залалдың өтемін алғаны туралы Сақтандырушыға шұғыл түрде жазбаша хабарлауға;
- 10) егер сақтандыру жағдайының туындауына байланысты Сақтандырушы Сақтанушының мүдделерін қорғау үшін өз өкілін тағайындауды қажет деп санаса, Сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға жоғарыда аталған мүдделерді қорғау үшін сенімхат және бақа да қажетті құжаттарды беруге. Сақтандыру жағдайының басталуына байланысты сотта Сақтанушының

мүддесін білдіруге немесе басқалай бір түрде Сақтанушының құқықтық қорғауды жүзеге асыруға құқылы, бірақ міндетті емес;

11) сақтандыру жағдайының басталғанын дәлелдеу бойынша, сондай-ақ ол келтірген залалдарды, оның ішінде сараптама жүргізу үшін, сарапшыларың оқиға орын алған жерге баруы шығындарды төлеу, мамандарды тарту және кеңес алу, қажет құжаттарды жинау және т.с.с. бойынша ауыртпалықты өзіне алуға;

12) келген залал үшін жауапты тұлғаға кері талап қою бойынша өзіне өткен құқықты Сақтандырушының жүзеге асыруы үшін қажетті барлық құжаттар мен дәлелдемелерді Сақтандырушыға беруге және барлық мәліметтерді хабарлауға.

10.2. Егер Сақтанушы Ереженің 10.1. тармағында көрсетілген міндеттемелерді орындамаса, Сақтандырушы оған сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы.

10.3. Сақтандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері қарастырылуы мүмкін.

11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

11.1. Сақтандыру жағдайының басталғаны мен залалдардың мөлшерін растайтын құжаттарға келесілер жатады:

- 1) Сақтандыру шарты;
- 2) Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, лизинг шартының, сатып алу-сату шартының, жалға алу шартының, ғарыш объектілерін жауапкершілікпен сақтау шартының куәландырылған көшірмелері, меншік құқығының туындау негіздемесіне сәйкес басқа да құжаттар;
- 3) үшінші тұлғалардың Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) келген зиянды (залалды) өтеу туралы талаптары бар жазбаша кінәраттары;
- 4) зиян (залал) келтіргені үшін Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық жауапкершілігінің басталу фактін растайтын құжаттар;
- 5) заңды күшіне енген сот шешімі (егер болса);
- 6) келген зиянның (залалдың) мән-жайлары мен себептеріне қатысты Сақтанушының (Сақтандырылушының) ішкі зерттеу акті;
- 7) ғарыш қызметі бойынша жұмыстарды орындау кезіндегі және үшінші тұлғаларға зиян (залал) келтірудің себебі болып табылуы мүмкін кемшіліктерге қатысты құқық қорғау және арнайы бақылау және қадағалау органдарының құжаттары;
- 8) үшінші тұлғаларға зиян (залал) келтіруге әкеп соқтырған оқиғалардың туындауына себеп болуы мүмкін ықтимал себептерге қатысты тәуелсіз сараптама органдарының қорытындылары (есептері) және есептемелері;
- 9) зақымданған объектілердің немесе олардың бөлшектерінің (қалдықтарының), сондай-ақ сақтандыру жағдайына қандай да бір түрде байланысы бар барлық заттардың (жазбалар, құжаттар, құрылғылар немесе заттар) күй-жайын тіркейтін, сақтандыру оқиғасы басталғаннан кейін оқиға орнының бейнесін құтқару немесе өзгерту бойынша қандай да бір әрекеттер жасағанға дейін сол қалпында тіркейтін (фотосуреттер, бейнежазбалар, эскиздер, сұлбалар, жоспарлар) құжаттар;
- 10) залалды азайту үшін жасалған, Сақтандырушы өтейтін шығындардың қажеттілігін және негізділігін, немесе сақтандырушының жазбаша нұсқауларын орындайтын растайтын құжаттар. Аталған құжаттар Сақтандырушы өтейтін залалды азайту үшін және/немесе Сақтандырушының жазбаша нұсқауларын орындау үшін Сақтанушы (Пайда алушы) шығындар шығарған жағдайларда ұсынылады;
- 11) жәбірленушінің ауыру қағазының түпнұсқасы;
- 12) үшінші тұлғаға келген залалдың мөлшерін және шығарылған шығындарды төлеу фактін растайтын шоттардың (шот-фактуралар, фискалды және тауар чектері, төлем жасалғаны туралы түбіртектер және т.с.с.) түпнұсқалары;

13) жәбірленушінің жеке басын куәландыратын, мемлекеттік деректер қорымен/БСДҚ-мен салыстырып тексерілген немесе құжаттың түпнұсқасымен салыстырып тексерілген мәліметтер;

14) зақымданған немесе жойылған мүлікке иелік ету құқығын, сақтандыру төлемін алуға оның құқықтарының заңдылығын растайтын құжаттардың түпнұсқасы;

15) келген залалдың сомасын айқындау бойынша тиісті лицензиясы бар тәуелсіз сарапшы жүргізген сараптамалық бағалаудың акті – егер акті жасалған болса;

16) жәбірленушіге келген зиянның сипатын, диагнозын, емделу кезеңін көрсету арқылы тиісті медициналық мекеме берген қорытындының түпнұсқасы;

17) мүгедектік белгілеу туралы уәкілетті медициналық орган берген қорытындының түпнұсқасы;

18) жәбірленушінің өлімін тіркеген медициналық мекеме қайтыс болу себептерін көрсете отырып, берген қорытындының түпнұсқасы;

19) қайтыс болу туралы куәліктің нотариалды түрде куәландырылған көшірмесі;

20) жерлеуге жұмсалған шығыстарды растайтын шоттардың, төлем жасау туралы түбіртектің, фискалды чектердің түпнұсқалары;

21) мұрагерлікке құқығы туралы куәліктің нотариалды түрде куәландырылған көшірмесі;

11.2. Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру жағдайының басталғанын және келген залалдардың мөлшерін растайтын басқа да құжаттарды беруге құқылы.

11.3. Егер олардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактін анықтауға және залалдың мөлшерін айқындауға мүмкіндік туғызбаса немесе сақтандыру жағдайы туралы қосымша мәліметтер алу талап етілсе, жекелеген жағдайларда Сақтандырушы басқа құжаттарды беруді талап етуге құқылы.

11.4. Қарапайым немесе уәкілетті тұлға куәландырған көшірмелер ұсынылған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдағаннан кейін, Сақтанушының/жәбірленушінің/Пайда алушының талабы бойынша құжаттардың түпнұсқалары тиісті тұлғаға қайтарылуы мүмкін (Сақтандырушының шешімі бойынша, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қарай).

11.5. Құжаттарды қабылдап алған Сақтандырушы ұсынылған құжаттардың толық тізімі мен оларды қабылдап алған күнді көрсете отырып, өтініш берушіге оларды қабылдап алғаны туралы анықтама беруге міндетті.

11.6. Сақтанушы Сақтандыру шартында қарастырылған құжаттарды бермеген жағдайда Сақтандырушы шұғыл түрде, бірақ бес жұмыс күнінен кешіктірмей, жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

11.7. Егер сақтандыру жағдайының факті бойынша қылмыстық іс жүргізіп жатқан органдар тарапынан қылмыстық іс қозғау туралы мәселе қарастырылған болса, Сақтандырушы Сақтанушыдан қылмыстық іс қозғау туралы, немесе қылмыстық істі қозғаудан бас тарту, қылмыстық істі уақытша тоқтату немесе тоқтату туралы қаулының көшірмесін сұратуға, немесе өзі дербес тиісті органдарға қажет сауалхат жіберуге құқылы.

12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

12.1. Сақтандыру төлемі Сақтандыру шартында белгіленген франшизаны есепке ала отырып жүзеге асырылады.

12.2. Үшінші тұлғалардың өміріне/денсаулығына зиян келтірген жағдайда бір жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі келесідей мөлшерлерде жүзеге асырылады (сақтандыру жағдайы басталған күнгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде):

1	Қайтыс болу	1 000
Мүгедектік белгілеу:		
2	I топ	800
3	II топ	600

4	III топ	500
5	Мүгедек бала	500

Зақымдану, жарақат немесе мүгедектік белгілеусіз денсаулыққа келген басқалай зақымдану – амбулаториялық және/немесе стационарлық ем-шараға жұмсалған нақты шығындардың мөлшерінде, бірақ 300 АЕК-тен аспайтын мөлшерде. Бұл орайда стационарлық ем-шара қабылдаудың әр күні үшін сақтандыру төлемінің мөлшері кем дегенде 2 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

12.3. Үшінші тұлға қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үшінші тұлғаның қайтыс болуына байланысты сақтандыру төлеміне құқылы тұлға - Пайда алушы болып табылады.

12.4. Егер сақтандыр жағдайының басталуына әкеп соқтырған оқиғаның нәтижесінде үшінші тұлғаның денсаулығы нашарласа (мүгедектік белгіленсе немесе мүгедектің бұрынғыдан жоғары тобы белгіленсе) немесе қайтыс болса, онда Сақтандырушы үшінші тұлғадан (Пайда алушыдан) келіп түскен өтініштің және тиісті құжаттардың негізінде Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және мөлшерде сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеуге міндетті. Бұл орайда, сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады.

12.5. Үшінші тұлғалардың мүлкіне келтірілген залал үшін сақтандыру төлемі нақты залалдың мөлшерінде, бірақ Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде төленеді.

12.6. Үшінші тұлғалардың мүлкін зақымдау кезінде келтірілген зиянның мөлшері әр нақты жағдайда, сақтандыру жағдайы басталғанға дейін орын алған мүліктің амортизациясын (тозуын) шегере отырып, зақымданған мүлікті қалпына келтіру құнының есептемесіне қарай айқындалады. Зақымданған мүлікті қалпына келтіру құны сақтандыру жағдайы басталған күні қолданыста болған нарықтық құнға қарай есептеледі.

12.7. Үшінші тұлғалардың мүліктерін жою кезінде келтірілген зиянның мөлшерін Сақтандырушы Сақтанушы (Пайда алушы) ұсынған құжаттардың негізінде және/немесе тиісті лицензиясы бар тәуелсіз сарапшы мүліктің сақтандыру жағдайы басталған күнгі нарықтық құнына қарай айқындайды. Егер мүлікті техникалық тұрғыдан қалпына келтіру мүмкін болмаса немесе экономикалық тұрғыдан негізсіз болса, ол жойылған деп саналады. Егер мүлікті қалпына келтіру кезінде қалпына келтіру бойынша шығындар оның сақтандыру жағдайы басталған күнгі нарықтық құнының 85%-ынан асып түсетін болса, мүлікті қалпына келтіру экономикалық тұрғыдан негізсіз деп саналады.

12.8. Үшінші тұлғалардың мүлкі толығымен жойылған/бұзылған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға келесілерді төлеуге құқылы:

- 1) кейіннен пайдалануға жарамды қалдықтарының құнын есептен шығара отырып, бұзылған мүліктің сақтандыру жағдайы басталған сәттегі шынайы құнын;
- 2) Пайда алушы кейіннен пайдалану үшін жарамды қалдықтарды Сақтандырушыға беру шартымен, зақымданған мүліктің сақтандыру жағдайы басталған сәттегі шынайы құнын. Мұндай жағдайда сақтандыру төлемі Пайда алушы мен Сақтандырушының арасында мүлікті қабылдау-өткізу актіні жасағаннан кейін, болмауы және/немесе зақымдануы сақтандыру жағдайына ешқандай қатысы жоқ жетіспейтін (ауыстырылған) детальдардың немесе агрегаттардың құнын есептен шығара отырып, жүзеге асырылады.

12.9. Сақтандыру төлемі Сақтанушыға Пайда алушының сақтандыру төлемін алудан және жәбірленушіге келген залалды Сақтанушының өзі өтегенін растайтын құжаттарды ұсынудан жазбаша бас тартуынан кейін жүзеге асырылуы мүмкін.

12.10. Егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, сақтандыру төлемін төлеу немесе сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуын, оның басталу себептерін және сақтандыру төлемін алушының құқығын растайтын қажет құжаттардың соңғысын алған және тиісті сақтандыру актіні бекіткен сәттен бастап 30 (Отыз) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылдайды.

12.11. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі нормаларының негізінде сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы, бұл ретте, моральдық зиян, жіберіп алған олжа, қандай да бір жанама залалдар (айыппұлдар, өсімақылар және т.с.с.) қандай жағдайда да сақтандырумен өтелмейді.

12.12. Сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы қабылдағаннан кейін ол жөнінде Сақтанушыға жазбаша түрде, бас тартудың негізді себептерін көрсете отырып және Сақтанушының, Сақтандырылушының, Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы бар екені туралы хабарлайды.

12.13. Егер Сақтандыру шартында тікелей басқалай келісілмеген болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда ол жөнінде Сақтанушыға жазбаша түрде, Сақтанушы барлық қажет құжаттарды өткізген сәттен бастап 10 (Он) күнтізбелік күн ішінде, бас тартудың негізді себептерін көрсете отырып, хабарлайды.

12.14. Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 15 (Он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін төлейді.

12.15. Ақшалар Сақтандырушының банктік шотынан шығынға жазылған күн немесе жәбірленушінің қолма-қол ақшаларды Сақтандырушының кассасынан алған күн – сақтандыру төлемін төлеген күн болып саналады.

12.16. Келесідей жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы:

- 1) егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайын растайтын құжаттардың шынайылығына уәжді күмәні болса – қажет құжаттар ұсынылғанға дейін;
- 2) егер тиісті орган Сақтанушыға (Пайда алушыға), оның жұмыскерлеріне немесе уәкілетті тұлғаларына қатысты қылмыстық іс қозғаған болса және залалдардың келуіне әкеп соқтырған мән-жайларды тергеу жұмыстары жүргізіліп жатса – тергеу жұмыстары аяқталғанға дейін.

12.17. Осы оқиға бойынша тиісті органдар қылмыстық іс қозғаған болса, сақтандыру төлемі белгіленген тұлғаларға қатысты заңды күшіне енген сот қаулыларының (актілерінің) негізінде жүзеге асырылады.

12.18. Қоршаған ортаға зиян келтірілген жағдайда залалдардың сомасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының немесе сақтандыру аумағында қолданыста болған халықаралық заңнаманың нормаларына сәйкес, рекультивациялық және басқа қажетті және жеткілікті қалпына келтіру жұмыстарының жоспарларына сәйкес, қоршаған ортаның бұзылған жағдайын қалпына келтіруге кеткен нақты шығыстарға қарай есептеледі.

12.19. Егер Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы келген зиянды толығымен өтеу үшін жеткіліксіз болса, Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру сомасы мен келген залалдың нақты мөлшерінің арасындағы айырмашылықты өтеуге міндетті.

12.20. Бір немесе бірнеше сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан (жауапкершілік лимитінен) аспауы тиіс.

13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

13.1. Сақтандыру шарты келесідей жағдайларды тоқтатылады:

- 1) Сақтандыру шартының қолданыс мерзімінің аяқталуына байланысты;
- 2) сақтандыру төлемін сақтандыру сомасы мөлшерінде төлеген жағдайда;
- 3) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі артқан жағдайда сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге және/немесе қосымша сыйлықақы төлеуге келіспеген жағдайда;
- 4) сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді кешіктірген жағдайда.

13.2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздемелерінен басқа, Сақтандыру шарты төмендегідей жағдайларды мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) сақтандыру объектісі жойылған жағдайда;

2) сақтанушы мүліктік сақтандыру объектісін адалаған жағдайда, егер сақтандырушы сақтанушыны ауыстыруға қарсы болса, ал Сақтандыру шартында басқа шарттар көзделмеген болса;

3) сақтандыру жағдайының басталу ықтималы жойылған болса және сақтандыру жағдайынан басқа жағдаяттар бойынша сақтандыру тәуекелі тоқтаған болса;

4) сақтандырушыны мәжбүрлі тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда.

13.3. Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіздеме ретінде қарастырылған жағдаяттар туындаған сәттен бастап Сақтандыру шарты тоқтатылған болып саналады және ол жөнінде мүдделі Тарап шұғыл түрде екінші Тарапқа хабарлайды.

13.4. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтанушының, Сақтандырылушының Сақтандыру шартының талаптарын орындамауына байланысты Сақтандырушының талабы бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде бұрын төленген сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) қайтарылмайды.

13.5. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Сақтандырушы келесілерге құқылы:

1) өзінің шығындарының өтелуіне, оған сақтанушыларды тартуға кеткен шығындарды қоса, сақтандыру сыйлықақысы сомасының 25%-ы мөлшерінде;

2) сақтандыру қорғанысының қолданыс уақытына тең мөлшердегі сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне.

13.6. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, егер бас тарту 13.2. тармақта көрсетілген жағдаяттарға байланысты болмаса, сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары сақтанушыға қайтарылмайды.

13.7. Сақтанушы – жеке тұлға Сақтандыру шартын жасаған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде одан бас тартқан жағдайда Сақтандырушы алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең мөлшерде сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының 10%-ын құрайтын Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып, Сақтанушыға-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.

13.8. Сақтанушы-жеке тұлға қарыз шартына байланысты оның (қарыз алушының) қарыз шарты бойынша қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерін орындауына байланысты Сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, Сақтандырушы алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын), сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең мөлшерде сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының 10%-ын құрайтын Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып, Сақтанушыға-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.

13.9. Егер Сақтандыру шарты Тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса, онда сақтанушы осы Ереженің 13.5. тармағының талаптарын ескере отырып, келесідей мөлшерлерде сақтандыру сыйлықақысының бөлігін қайтарып алуға құқылы:

Сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқанға дейінгі мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен)
15 күнге дейін	15,0
16 күннен 1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0

7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

13.10. Сақтанушы Сақтандыру шартын ықтимал бұзу күнінен 30 (Отыз) күнтізбелік күн бұрын міндетті түрде Сақтандырушыға хабарлап, сондай шешімнің себептерін көрсете отырып, кез-келген уақытта Сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.

13.11. Егер Сақтандыру шарты оны жаңа мерзімге қайта жасау арқылы мерзімінен бұрын бұзылып жатса, Сақтандырушы өзіне келген шығындарды есепке ала отырып, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеуге және бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының қалдығын жаңа Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының есебіне жазуға құқылы. Бұл ретте, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сома қалдығын шегере отырып, төлейді.

13.12. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін Сақтандыру шартын бұзудың басқа негіздемелері мен шарттары да қарастырылуы мүмкін.

13.13. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзудың барлық жағдайларында Сақтанушы қолданысы Сақтанушының Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша өтініші келіп түскен және/немесе Сақтанушы (Сақтандырылушы) заңнамада және осы Ережеде көзделген өз міндеттерін орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап тоқтатылатын Сақтандыру шартын (полисті) Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

14. САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

14.1. Осы Ережеде тікелей реттелмеген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

14.2. Сақтандыру шартын іске асыру барысында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешеді. Егер келіссөздер нәтижелі болмаса, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте, Сақтандырушы орналасқан жер бойынша Шарттық соттылыққа сәйкес шешіледі.

15. ҚОСЫМША ШАРТТАР

15.1. Сақтандыру шарттарының ережелерін өзгерту немесе Сақтандыру шартына толықтырулар енгізу Сақтанушы мен Сақтандырушының өзара келісімі бойынша енгізіледі. Сақтандыру шартында өзгертулер енгізу үшін Пайда алушының міндетті түрде келісімін алу қажеттілігі де қарастырылуы мүмкін. Сақтандыру шартына енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, қосымша келісім арқылы рәсімделеді. Егер келісімде басқалай айтылмаған болса, өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген Сақтандыру шарты екі Тарап та қосымша келісімге қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

15.2. Сақтандырушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы мен Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы арасында сәйкессіздіктер болған жағдайда Тараптардың келісімімен Сақтандырушы Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясын қабылдауға құқылы.

15.3. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар келесідей жағдайларда енгізіледі:

- 1) Сақтанушыны, Сақтандырылушыны, Пайда алушыны, сақтандыр объектісін ауыстырған кезде;
- 2) сақтандыру тәуекелінің дәрежесін өзгерткен кезде;

3) Сақтандыру шарты бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттерін өзгерткен кезде;

4) сақтандыру талаптары мен Сақтандыру шартының ережелерін өзгерткен кезде.

15.4. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқалай белгіленбеген болса, бұл Ережеге өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, өзгертулер мен толықтыруларды Сақтандырушының Директорлар кеңесі міндетті түрде бекітуі арқылы енгізіледі.

15.5. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу арқылы Сақтанушы келесілерді растайды:

1) Сақтандырушының уәкілетті органы әзірлеген және бекіткен, сақтандыру шартын жасаған/сақтандыру полисін электрондық түрде рәсімдеген күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған Сақтандыру ережесімен өзінің келіскенін және танысқанын;

2) ол жүзеге асырып жатқан операция қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастырумен (жылыстатумен) және террористік қызметті қаржыландырумен, жаппай қыру қаруын таратумен және оны қаржыландырумен байланысты емес екенін;

3) Қазақстан Республикасының №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес Сақтанушының, Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына, өңдеуіне, сақтауына және беруіне өз келісім бергенін, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісім бергенін:

а) Сақтандырушының «Мемлекеттік кредиттік бюро» Акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – Бюро) деректерді алуға;

б) мемлекеттік деректер қоры иелерінің Бюроға Сақтанушы (сақтандырылушы, Пайда алушы) туралы ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;

в) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын заңды тұлғаға Сақтанушы, Сақтандырылушы (Пайда алушы) туралы өзінде бар және келешекте келіп түсетін ақпаратты Бюроға және Бюро арқылы Сақтандырушыға беруге;

г) дербес деректерді шекара асырып беруге және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге;

д) Сақтандырушының қызмет мақсатын жалпы іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушының сақтандыру құпиясын ашуына.

15.6. Сақтандырушы дербес деректерді сақтау мерзімін келешекте дербес деректерді сақтаудың қажеттілігі қалмағанша белгілейді. Дербес деректер Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарттың/Полистің және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады.

15.7. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) жазбаша келісімін, оның ішінде Ереженің 15.5. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімін талап етуге міндетті.

15.8. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімінің, оның ішінде Ереженің 15.5. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімінің болмағаны үшін жауапты болады. Қажет жағдайда Сақтанушы Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар жөніндегі заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Сақтандырушы сұратқан барлық қажет құжаттарды беруге міндеттенеді.